

Дүниежүзі тарихы

Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі

1. 1941 жылы Сирия мен Ливандағы мандаттық режимін жоюға мәжбүр болған мемлекет
А) Швеция
В) Ұлыбритания
С) Бельгия
D) Франция
2. Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін жүргізілген экономика жүйесі
А) аралас
В) нарықтық
С) дәстүрлі
D) еркін
3. 1946 жылғы сайлауда жеңіске жеткен Мұсылмандар лигасының басшысы
А) Махатма Ганди
В) Мұхаммед Әли Джинна
С) Беназир Бхутто
D) Джавахарлал Неру
4. 1946 жылы Филиппин мемлекеті өз тәуелсіздігін алды
А) Италиядан
В) АҚШ-тан
С) Англиядан
D) Франциядан
5. «Кашмир мәселесіне» қатысқан елдер
А) Азербайжан мен Армения
В) Ауғаныстан мен Тәжікстан
С) Иран мен Ирак
D) Үндістан мен Пәкістан
6. Шарль де Голль кезіндегі сайлау құқығындағы ерекшелігі
А) сайлау тек партиялық тізіммен жүрді
В) сайлауға алғаш рет әйелдер қатысты
С) жаппай сайлауға тыйым салынды
D) сайлауға тек ер азаматтар қатысты
7. Мао Цзэдуннан кейін Қытайда билік басына келген басшы
А) Сунь Ятсен
В) Дэн Сяопин
С) Мао Цзэдун
D) В. Цзинвэй

8. Экономикалық теорияның негізін қалаушылардың бірі ағылшын экономисі
- A) Д.Клинтон
 - B) Л.Джонсон
 - C) Д. Рузвельт
 - D) Дж.Кейнс
9. Л.Джонсон ұсынған «Ұлы қоғамды» құру бағдарламасы қабылданған ел
- A) Франция
 - B) Англия
 - C) Италия
 - D) АҚШ
10. КСРО- да 60 жылдардың ортасында өнеркәсіпті басқарудың совнархоздық жүйесі таратылып, орнына құрылды
- A) бақылау органдары
 - B) министрліктер
 - C) шаруашылық секторлары
 - D) агрокешендер
11. 1949 жылы 7 қазанда Германия Демократиялық Республикасы құрылған аймақ
- A) Шығыс
 - B) Батыс
 - C) Солтүстік
 - D) Орталық
12. 1970 жылдары Л.Брежнев билігі кезінде сыртқы саясат саласында АҚШ - пен жасалып, бірақ бекітілмеген шарт
- A) стратегиялық шабуылдау қаруын шектеу
 - B) орта қашықтықтағы ракеталарды қысқарту
 - C) жақын қашықтықта ұшатын ракеталарды жою
 - D) термоядролық қару шығаруға тиым салу
13. 1951-1964 жылдары Ұлыбританияда жетекшілікке ие болған партия
- A) либералдар
 - B) демократтар
 - C) лейбористер
 - D) консерваторлар
14. Еуропада интеграциялық үдерістердің жандануы нәтижесінде құрылған еркін сауда аймағы
- A) ВШҰ
 - B) НАТО
 - C) БҰҰ
 - D) НАФТА

15. Жылдарды араб-израиль мәселесін шешу мақсатында өткізілген халықаралық конференцияларымен сәйкестендіріңіз

1.	1991 жыл	А.	Кемп-Дэвид
2.	1993 жыл	Ә.	Осло
3.	2000 жыл	В.	Мадрид

А) 1-А, 2-Ә, 3-В

В) 1-Ә, 2-В, 3-А

С) 1-В, 2-А, 3-Ә

Д) 1-В, 2-Ә, 3-А

Нұсқаулық: Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі

Социализмнің шведтік үлгісі

Әлеуметтік мемлекет пен капиталистік экономика «Функционалдық социализм» идеологиясы	Мемлекет	Нарықтық экономика	Нарықтың жағымсыз әлеуметтік шығындары
	Барлық азаматтарға кепілдіктердің, жеңілдіктер мен әлеуметтік қолдаудың ауқымды топтамасын ұсынуда жауапкершілікті толық өзіне алады	Мемлекет кәсіпорындар мен компаниялардың өндірістік қызметіне араласпауды ұсынады	Жұмыссыздық пен теңсіздіктің артуын мемлекеттің еңбек нарығындағы белсенді қызметінің көмегі, пайданың бір бөлігін салық салу арқылы қайта бөлу және инфрақұрылымдық элементтер мен ұжымдық ақша қорларын қамтитын мемлекеттік секторды пайдалану арқылы жеңуге болады

16. Кестені пайдалана отырып, «шведтік үлгіні» ұстанған мемлекеттік саясаттың нәтижесін анықтаңыз

А) әлеуметтік теңсіздіктің шешілмеген өткір мәселесі

В) халықтың өмір сүру деңгейі жоғары болуы

С) экономикалық жүйенің даму теңсіздігі

Д) халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмауы

17. Кестені пайдаланып, экономиканың «шведтік үлгісін» ұстанған елді анықтаңыз

А) Швеция

В) Италия

С) Ұлыбритания

Д) Солтүстік Корея

18. Кестені пайдалана отырып, социалистік-демократиялық экономиканың жаңа үлгідегі атауын анықтаңыз
- A) «Социализмнің канадалық» үлгісі
 - B) «Социализмнің қытайлық» үлгісі
 - C) «Социализмнің кеңестік» үлгісі
 - D) «Социализмнің шведтік» үлгісі
19. Кестені пайдалана отырып, реформалық идеологияда «функционалдық социализмнің» аталуын анықтаңыз
- A) дәстүрлі мемлекет
 - B) социалистік мемлекет
 - C) аграрлы мемлекет
 - D) әлеуметтік мемлекет
20. Кестені пайдалана отырып, экономиканың «функционалдық социализмге» тән белгісін анықтаңыз
- A) экономикада тоталитарлық режимнің орнығуы
 - B) жоспарлы әлеуметтік экономиканың жүргізілуі
 - C) барлық салада мемлекеттік меншіктің орнауы
 - D) мемлекеттің кәсіпорындардың өндірістік қызметіне араласпауы